

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 1871 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 11 сәуірде N 10-9-219 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 2223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2013.01.14 N 2223 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шиелі ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және

қ а м т а м а с ы з **е т і л с і н .**

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012.05.10 N 1913 қаулысымен.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012.10.30 N 2091 қаулысымен.

3. Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында

мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (Н.Әмір, келісім бойынша):

1) әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу үшін білікті дәрігер-мамандар бөлуге ықпал ету;

2) медициналық комиссияны қажетті дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен және медициналық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (У.Исмаилов, келісім бойынша) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды іздестіруді, сондай-ақ әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге жөнелту және олардың кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу ұсынылсын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012.10.30 N 2091 қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н.Мырзабековке жүктелсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012.10.30 N 2091 қаулысымен.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы Т. Жағыпбаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері Әмір Нұрлан Әмірұлы
2012 ж "30" наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысы Шиелі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Нурхожин Даулеткали Ергалиевич
2012 ж "30" наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

"Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Қарынбаев Саттар Әбіләзімұлы

2012 ж "30" наурыз

Аудан әкімдігінің
2012 жылғы "30" наурыздағы
N 1871 қаулысына N 1-қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

**Ескерту. 1-қосымшасының атауы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы
Шиелі ауданы әкімдігінің 2012.10.30 N 2091 қаулысымен.**

Комиссия төрағасы		Шиелі ауданы әкімінің орынбасары;
Комиссия төрағасының орынбасары		"Қызылорда облысы Шиелі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша);
Комиссия мүшелері:		
Комиссия мүшесі	-	"Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Медициналық комиссияның төрағасы	-	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігерінің орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия хатшысы	-	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының медициналық мейіrbикесі (келісім бойынша).

Аудан әкімдігінің
2012 жылғы "30" наурыздағы
N 1871 қаулысына N 2-қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

Комиссияның уақыты 9.00-ден 18.00-ге дейін	жұмыс атқаратын күндері,						
	күндері	сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	желтоқсан
	1						
	2						
	3						
	4						
	5						
	6						
	7						
	8						
	9						
	10						

"Қызылорда облысы Шиелі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	11						
	12						
	13						
	14						
	15						
	16						
	17						
	18						
	19						
	20						
	21						
	22						
	23						
	24						
	25						
	26						
	27						
	28						
	29						
	30						
	31						